

### Лекция № 3. Орталық Азиядағы интеграция мәселелері

**Лекция мақсаты:** Қазақстанның Орталық Азиядағы орны мен қызметін айқындай отырып, тарихи интеграция және аймақтық баланс мәселелерін талдау болып табылады.

**Лекция жоспары:**

- 1 Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық интеграциясы
- 2 Аймақтағы экономикалық мүдделерін жүзеге асыру
- 3 Қазақстанның аймақтағы орны мен қызметі

**Әлемнің** түкпір-түкпіріндегі аймақтарда интеграция тұрақты тенденцияға ие болған. Жаһандану экономикалар арасындағы бәсекелестікті күшейтті, ал ол өз кезегінде мемлекеттердің күштерін біріктіруге ұмтылыстарын да дамыта түсті. Оған қалыптасқан әлемдік интеграция үлгілері – ЕО, НАФТА, МЕРКОСУР, АСЕАН, т.б. мысал бола алады.

Қазіргі жаһандану кезеңінде Орталық Азия өзінің бай табиғи ресурстары мен маңызды стратегиялық орналасуы арқылы әлемдік державалардың саяси және экономикалық мүдделерінің шиеленісу орталығына айналып отыр.

Мемлекеттердің әлемдік саясатқа ену күрделілігі көптеген факторлармен түсіндіріледі, оның ішінде лайықты тәжірибенің болмауы мен ұлттық мүддеге сәйкес күш орталықтарын тұрақты теңестіріп отырудың қажеттілігін айта кетуге болады.

Алайда Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциясына кедергі келтіруші көптеген факторлар: аймақтың әлсіз экономикалық потенциалы, этникалық қақтығыстардың шығу қаупі, парақорлық мәселелері тікелей қауіпсіздікке өз әсерін тигізуде. Сонымен қатар Орталық Азия елдерінің саяси құрылымындағы әулеттік бөлініп басқарушылық ортақ орта-азиялық интеграцияға кедергі болуымен қатар, мемлекеттердің өз ішінде қақтығыстардың болуына алып келуде. Саяси келісімге келе алмаушылық өз кезегінде аймақ мемлекеттерінің өз ішінде одақтасумен қатар, басқа мемлекеттермен де, мысалы Ресей, АҚШ, Қытай қолдауын табуға итермелеуде. Себебі аймақ мемлекеттерінің көпшілігі АҚШ пен ЕО елдерінің қаржылық қолдауы мен Ресейдің әскери және техникалық көмегіне тәуелді. Сонымен бірге өзіндік бірегейлік мәселесінің өткірлігі, Орталық Азия елдерінің экономикалық, саяси – құқықтық жүйелері жағдайының транзиттік сипаты, жаңару үдерістерінің әртүрлі серпіні, бағыты және терендігі, осы процестер шеңберінде жүргізіліп жатқан реформалар өмірлік қажетті интеграцияны жүзеге асырудағы қиындықтарды анықтайды.

Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық интеграциясы ұлттық шаруашылықтар мен құрылған аймақтық экономикалық топтардың жақындауы мен өзара қарым-қатынастарымен сипатталады.

Оның негізінде өзара сауда және инвестициялық өзара қарым-қатынас жолында ұлттық кедергілерді жою мақсатында ұлттық шаруашылықтық жүйелердің байланыстарын күшейту мен дамыту үрдістері жатыр.

Бюджеттік, салықтық және валюталық саясаттарын келістіру, бірегейлендіру арқылы бірыңғай экономикалық кеңістік құрылады. Осының негізінде жаңа геосаяси жағдайды қалыптастыру мен осы аймақтағы экономикалық мүдделерін жүзеге асыру және өз ықпалын нығайту керек. Сондықтан осы аймақта аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттердің алдына қойған өзекті және маңызды міндеттерінің бірі болып отыр.

Аймақ елдері әлемдік интеграциялық процеске, аймақшілік өзара қарым-қатынас сипатындағы, сонымен қатар, өзінің жақын көршілестерімен басқа да мемлекеттермен қатысты мәселелерді шешуінде тығыз қатысуында мүдделі болып табылады.

Жаңа шыңайлықтар жас мемлекеттердің саяси басшыларынан өзінің танылуын, ұлттың қауіпсіздік және даму стратегиясының барабарлық формуласын іздеуін және танылуын талап етті. Қазіргі сәтте Орталық Азияның одан әрі дамуында екі жол бар. Бірінші жол – өзінің әлемдік экономикадағы шикізат көзі ретіндегі ролін бекіту. Оның үстіне – әлемдік геосаяси және геэкономикалық бәсекелестіктегі қолжаулық ролі. Екінші жол – интеграция. Халықаралық нарық процестеріне тең деңгейде қатыса алатын аймақтық мықты бірлестік құру жолы. Бұл лық, экономикалық өрлеу, әскери және саяси қауіпсіздік жолы. Орталық Азиялық елдердің тәуелсіздік жылдары, бұл елдердің мүдделерімен ешқашанда сәйкес келмейтін, тек қарама-қарсы болатын, Батыс және Шығыс мемлекеттер қатарының назарының орталығында болды. Сонымен қатар, сыртқы күштер арасында Орталық Азиядағы геосаяси және геэкономикалық ықпал сферасы және оның табиғи ресурстары үшін күрес айналысы пайда бола бастады. Орталық Азия аймағына тек мемлекеттер мен шетелдік компаниялар ғана көңіл аударған жоқ. Орталық Азиялық елдері және халықтары, тағы да ауқымды қарама-қайшы жоспарының жүзеге асыруы мақсатында, осы жерде өзінің стратегиялық плацдармдарын құруға үміттенген, түрлі экстремистік исламдық ұйымдардың шабуылына ұшыраған еді.

Осының негізінде жаңа геосаяси жағдайды қалыптастыру мен осы аймақтағы экономикалық мүдделерін жүзеге асыру және өз ықпалын нығайту керек. Сондықтан осы аймақта аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттердің алдына қойған өзекті және маңызды міндеттерінің бірі болып отыр. Аймақ елдері әлемдік интеграциялық процеске, аймақшілік өзара қарым-қатынас сипатындағы, сонымен қатар, өзінің жақын көршілестерімен басқа да мемлекеттермен қатысты мәселелерді шешуінде тығыз қатысуында мүдделі болып табылады. Жаңа шыңайлықтар жас мемлекеттердің саяси басшыларынан өзінің танылуын, ұлттың қауіпсіздік және даму стратегиясының барабарлық формуласын іздеуін және танылуын талап етті. Сонымен қатар, егерде бұрын КСРО құрылымында ортаазиялық кеңестік республикалардың ұлттық даму мен қауіпсіздік мәселесі күшті жоғарғы державалық одақтас мемлекеттері шеңберінде шешілсе, онда тәуелсіздік алғаннан кейін және қажетті ресурстардың жоқ болуында көрсетілген мәселелер ерекше өзектілігіне ие болады және өз бетінше жаһандандудың өзгешелік күштерінде жаңа қауіптің пайда болуына әкеледі. Орталық

азиялық мемлекеттердің әлеуметтанушылары мен саясаттанушылары, аймақ мемлекеттерінің қазіргі сыртқы саясатын қалыптастырылуы әлемдік пен аймақтық ауқымды күштер орталығы арасында балансталған және дамудың сыртқы шаралары өте қиын жағдайда өтіп жатыр деп белгілеген. Өз кезегінде, бұл аймақтық ынтымақтастыққа себепші болады. Аналитиктер ең алдымен, қауіпсіздік үшін құрылымдық ынтымақтастыққа мемлекеттердің дайындығы мен қажетілігіне шартталған, аймақшілік диалогтың дамуында бірқатар позитивті қозғалыстарды белгілейді. Қауіпсіздік идеясы Орталық Азияның жас мемлекеттерінің интеграциясына түрткі болған дәлел бола бастады.

Орталық Азия аймағындағы мемлекет халықтарының тарихи байланыстылығы олардың арасындағы интеграцияның негізгі алғышарттарының бар екендігін көрсетеді, аталған алғышарттар геосаяси, геостратегиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, өркениеттік, діни, мемлекеттік-саяси және этникалық негіздерге тығыз байланысты.

**Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасы бірыңғай кеңестік халықтық – шаруашылықтық кешеннің құрамдас бөлігі ретінде дамыды. КСРО ыдырауы мен шаруашылықтың шарттарының түбегейлі өзгеруі мемлекеттер тек өзара бірігуі арқылы ғана шешімін таба алатын мәселелердің туындауы мен оның күрделенуіне алып келді.**

Аймақ мемлекеттері саяси және экономикалық құрылымдардың реформалануын көздейтін өтпелі кезеңнің ортақ міндеттерін құрастырған болатын. Осы кезеңде ең негізгі мәселе ортақ экономикалық потенциалды тиімді пайдалану жолдарын іздеп табуда болған болатын. Орталық Азия елдері сыртқы саяси стратегияларын өзара үйлестіре отырып қана экономикалық интеграция мен ұлттық қауіпсіздік жүйелерін дамыта алады. Мемлекетаралық қатынастарды дамытуда аймақ мемлекеттері бірнеше кезеңді өтті. Осы даму әр республиканың ішкі саяси жағдайымен, саяси жетекшілерінің жеке тұлғалық қасиеттерімен және экономикалық ерекшеліктерімен анықталды, ал ол аймақтағы интеграциялық үрдістің даму динамикасына өз әсерін тигізді.

ТМД мемлекеттері КСРО-данинтеграциялық типтегі байланыстарды құруға деген тығыз қарым-қатынастарды қалдырды. Әсіресе энергетикалық және транспорттық жүйелері, радио және телекоммуникация кешендері, мұнай мен газ салалары ерекше көзге түсті. Алайда Орталық Азия елдері арасындағы интеграция толықтай орнады деп айту әлі ерте. Келісімдерді толыққанды жүзеге асыру механизмдерінің реттелмеген, кедендік, салықтық және бюджеттік саясаттардың байланысы әлі жүргізілмеген. Мемлекеттердің өздері аймақтық қатынастарды басым деп санамайды. Оның қазіргі заманғы соны үлгісі ретінде интеграциялық бірігу жолын тандап алған Орталық Азия мемлекеттері ортаазиялық интеграцияны объективті қажеттілік ретінде, территориялық тұтастықпен, сол сияқты экономиканың ең маңызды, ең басты салаларымен байланыстырады. Сондықтан тарихи қалыптасқан тығыз шаруашылық байланыстары мен аймақтың ұтымды геосаяси жағдайы Орталық Азия мемлекеттерін өзара ынтымақтасуға жетелейді.

Сол сияқты аймақтың газ, су-энергетика ресурстарын, экологиялық мәселелерін бірлесе отырып шешу, көлік-коммуникация жүйелерін бірлесе отырып пайдалану, соңғы жылдары күшейіп келе жатқан наркобизнес пен әртүрлі экстремистік, террористік топтар мен ағымдарға бірлесе отырып күрес жүргізу сияқты маңызды шараларды іске асыру үшін де аймақтық интеграция қажет. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттерінің нарықтық экономикаға өтуі мен интеграцияны таңдап алуы жаһандану жағдайында орындалуы әлемдік тарихтағы бірінші оқиға деп бағалануда. Орталық Азия елдеріндегі интеграцияның әлсіз жақтарын анықтау үшін оны халықаралық экономикалық интеграцияның шарттары мен алғышарттарына сәйкес зерттеу қажет. Жалпы аймақтағы интеграция үрдісі өте баяу жүргізілуде. Ол бірнеше себептермен түсіндіріледі, олардың қатарына экономика мен саяси жүйелерді реформалау модельдерінің әртүрлілігі жатады. Экономика мен саяси жүйелердің, ұлттық мүдделердің және халықаралық аренаға бағытталудың әртүрлі болуы әзірше интеграциялану үрдісінен жоғары орын алуда.

Орталық Азия мемлекеттерінің шеңберінде көпжақты өзара қатынас та баяу дамуда. Мемлекетаралық тауар алмасуы, инвестициялық ынтымақтастық төмендеуде, жеке капиталдың интеграциясы байқалмайды, кедендік және валюталық кедергілер жоғары, ұлттық шаруашылықтық заңнамаларда әртүрлілік бар. Сонымен қатар Орталық Азия мемлекеттерінің шеңберінде қол қойылған құжаттардың тиімділігі де жоғары емес.

Орталық Азияда интеграцияны дамыту үшін біріктіруші идея қажет. Бір шетінен Еуразиялық концепция ортақ стратегияның рөлін атқаруы мүмкін, себебі Орталық Азия мемлекеттері Еуразиялық өркениеттік құрылымға жатады және тарихи дамуы, ділі мен өмірлік құндылықтарда қабылдауы ұқсас болып келеді. Дегенмен де өзіндік идентификация проблемасының өткірлігі, Орталық Азия елдерінің экономикалық, саяси – құқықтық жүйелері жағдайының транзиттік сипаты, жаңару үдерістерінің әртүрлі серпіні, бағыты және тереңдігі, осы процестер шеңберінде жүргізіліп жатқан реформалар өмірлік қажетті интеграцияны жүзеге асырудағы қиындықтарды анықтайды. Өткен кездесуде Орталық Азия елдерінің басшылары Достастықты өтпелі кезеңде гана іске асыруға болатын ынтымақтастық үлгісі және әрбір мемлекет ішкі дамуының басыңқы жақтары мен халықаралық міндеттерін есепке ала отырып, ынтымақтастыққа қатынасу түрлерін өздері анықтайды деген қорытындыға келді.

Дегенмен де, қайта құру жылдарында дәл осы аймақтық бірлестік, кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте Достастыққа қатысушы елдер арасындағы шаруашылықаралық байланыстарды қолдап, ара-тұра бой көтерген кейбір қайшылықтар мен әскери қақтығыстардың кейде алдын алып, кейде өзара келістіріп, реттеуші қызмет атқарды. Президент Н. Назарбаев «еуразияшылдық» ұғымын теориялық жол емес, тәжірибелік саясаттың бір бағыты деп қарастырды. Қазақстан үшін «еуразияшылдық» интеграциялану бағыты, көпжақты аймақтық одақтастықтың дамуы. «Еуразияшылдық» теориясы қазіргі әлемде ұлттық мәдениеттердің диалогы

мен олардың жақындасуы қажеттілігінен туындаған. Орталық Азияда маңызды рөлді қауіпсіздікті сақтау мәселелері алады.

Есепке алатын жайт, Орталық Азия әлемдік державаларды экономикалық, саяси, тіпті әскери саладан қызықтыратын аймақ болып табылады. Аймақ елдерінің мемлекеттік шекараларды күшейту ұмтылыстарына қарамастан олар халықаралық лаңкестік, діни экстремизм, этникалық сепаратизм, қару жарақ пен есірткінің заңсыз тасымалы, заңсыз миграция сияқты трансұлттық қауіптерге кедергі болмай отыр. Қандай да бір тарихи, геосаяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени факторлардың жиынтығы аймақ мемлекеттерінің лаңкестік қауіп алдында осалдығын көрсетеді. Осындай жағдай өз қауіпсіздігін сақтау мақсатында орталық азиялық республикаларды халықаралық ынтымақтастыққа енгуге міндеттейтін ерекше жағдай туындатады. Орталық Азия геосаяси жағдайынан негізгі аймақтық ойыншыларды өкілеттік еетін құрылымды құрастыру қажеттілігі пайда болды, ал ол өз кезегінде көпжақты келісім мен кеңес беру қызметтерін де атқаратын еді. Осыған мысал ретінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын айта кетуге болады, себебі ұйым Орталық Азияда саяси тәртіптердің тұрақты сақталуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар құрылымдық экономика мен әскери-саяси саладағы қауіпсіздіктің орнауына ықпал етеді.

Әлемдік интеграциялық тәжірибені зерттей отырып, Орталық Азия елдеріне еуропалық интеграцияға сәйкес барлық кезеңдер мен формаларды өту қажеттілігі жоқ деп айтуға болады, себебі бірнеше ғасыр бұрын болған Еуропамен салыстырғанда Орталық Азия елдері біраз ғана жыл бұрын бірыңғай экономикалық, саяси және мәдени кеңістікте болды және оның бөлшектері әлі де сақталды. Жалпы еуропалық интеграция тәжірибесі аймақтық интеграцияның салдарлы, кезеңдік үрдіс екендігін көрсетеді, онда соңғы нәтиже тек іс әрекеттегі таңдаудың дұрыстығында ғана емес, сонымен қатар нақты тәжірибелік әрекеттердің бағдарламасын құрастыруда болып отыр. Интеграцияның маңызды мақсаты мемлекеттердің мүдделерін келістіру ғана емес, сонымен қоса бар қайшылықтарды кедергі ретінде емес, даму мен алға жылжуды баяулататын құбылыс ретінде түсіндіру болып табылады.

**Қорытындылай келсек,** Орталық Азия аймағының ерекшелігі басқа интеграциялық бірлестіктердің үлгісін механикалық тұрғыдан көшіруге келмейді, оны жіті зерттеу мен бейімдеуді қажет етеді. Интеграцияның негізі ретінде сауда-экономикалық және ұжымдық ынтымақтастықтың дамуы, толыққанды және қорғалған ортақ нарықтың болуы керек. Оған ұлттық тауар өндірушілерді қолдау, бірыңғай экономикалық кеңістікте өнеркәсіптік қызметке жағдай жасау сияқты қажеттіліктерді жүзеге асыру керектігі шығады. Орталық Азия аймағының негізгі бағыты интеграциялық доктриналардың әлемдік тәжірибесімен санаса отырып, мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарының механизмін құрастыруы болуы қажет.

### **Әдебиеттер:**

1. Шумский Н. Интеграция постсоветских государств: возможности и перспективы развития // Международное общественное объединение «Развитие». № 1 (33), 2012. С. 11-21.
2. Ситарян С. Интеграция стран СНГ: трудности и перспективы взаимодействия.// Казахстан – Спектр. Научный журнал.№33,2011. С.15.
3. Смагулова Д. К. Интеграционные процессы в Центральной Азии: проблемы и перспективы.//Евразийская Экономическая Интеграция. №4 (17), 2012. С 115.